

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	104
Жинақтағы беттері	486-492
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 342:342.725(574)
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Қызылов Абылай Мирланұлы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы Ерёменко Н.С.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жигулин А.А. Правовая культура и продукты правовой культуры в их соотношении // Территория науки. – 2012. – №1. – С. 202.
2. Петров А.В., Симканич О.М., Правовая культура: содержание и формы существования // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2009. – № 2. – С.187.
3. Факторы развития гражданского общества и механизмы его взаимодействия с государством / под ред. Л. И. Якобсона. — М.: Вершина, 2008. — 29 б.

ӘОЖ 342:342.725(574)

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

Қызылов Абылай Мирланұлы

[kyzylovabylaj@gmail.com](mailto:kyzylovabylaj@gmail.com)

«Құқықтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан  
Республикасы

Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы Ерменко Н.С.

Қазіргі күні мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау және тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. ХХІ ғасырдың құндылықтар парадигмасында біз үшін мемлекеттік тіл- қазақ тілі басты орын алуы қажет. Өйткені тіліміз ұлттық мәдениет пен руханиятты үнемі, ұдайы жаңғыртып отырудың бірден бір көзі.

Ал бұл, біріншіден, қазақ тілін еліміздегі тілдік саясаттың басты бөлігі ретінде қарастыруға кепілдік береді.

Екіншіден, егемен еліміздің тіл саясатында мемлекеттік тілге берілген басымдық мемлекеттің тұтастығын айқындайтын мемлекеттік ұлт саясатының маңызды бөлігі.

Үшіншіден, әрбір елдің қуатты күші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өрісімен де айқындалады, ал мәдени өре, рухани талғам халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тікелей тәуелді. Тіл құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастырудың да бірден бір көзі.

Өз тілінде сөйлеу әр адамның құқығы дейміз [1;67-72]. Ал құқық дегеніміз қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекет орнықтыратын және мемлекет қамтамасыз ететін жалпыға міндетті заң нормаларының жүйесін құрайтын институт. Десек те, осы институттың заң кеңістігінде де осал тұстары көп. Осындай бәсі кем түсіп жатқан басты мәселелердің бірі – Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық десек, артық айтқандығымыз емес. Мұның өзі қоғамымыздың алдында күн тәртібінде буы бұрқырап тұрған күрмеуі қалың күрделі мәселелер қатарынан орын алады. Әсіресе мемлекеттік тілдің мәртебесіне күмәнмен қарау бұл мемлекеттік тілдің құзырына орасан нұсқан келтіретін бірден-бір жәйт. Оның мәртебесін қорғау өзекті мәселенің бірі.

Ендеше, әрбір азаматтың бейжай қалдырмайтын тілдік саясатта алдымен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы [2] негізге алынуы тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқын жазылған [3]. Бұл – Конституциялық талапты мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес орындардың барлығы міндетті түрде орындауы қажет. Оның ішінде құқық қорғау органдарының адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, мемлекеттік орган ретінде тіл

туралы заңнаманы бұлжытпай орындаулары аса маңызды болып саналады. Себебі, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 1-бабы, 7-тармақшасында «құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, ... мемлекеттік орган;» [4]. деп жазылған.

Бір анығы, қалыптасқан қоғамдық тәртіпті бұзып, заңға қайшы келген адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне құқықтың ықпал ету – заңды құбылыс. Құзыретті органдар тұлғаның заңды және заңсыз іс-әрекетіне баға берерде алдымен заңдық құқықтық актілерге жүгінеді. Өйткені заңдағы көрініс тапқан ереже талайғы тәжірибенің іс-әрекетті бағалаудағы ең соңғы қорғасындай балқып қорытылған нәтижесі болып табылады.

Дегенмен, қым-қуыт, қабат-қабат өмір-тіршілік өте күрделі-ақ, ғалымдар мен практиктердің қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мәселелерін назардан бір сәтке тыс қалдырмай, пікіржарыстырып жататыны соның айғағы[5;1]. Өйткені күнделікті өмірде жеке және заңды тұлғалар заңға қайшы іс-әрекет не әрекетсіздік танытып, құқықтық талаптардан ауытқып, заң шеңберінен шығып кететіні жиі кездесіп қалады. Міне, осындай жағдайда қоғамдағы қалыпты бұзып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза шараларын қолдану қажеттілігі туындайды. Ендеше әкімшілік жаза шаралары құқық бұзушылық жасаған тұлғаға әсер ететін құқықтық құрал болып табылады. Бұны әсіресе Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықты сөз еткенде анық байқауға болады. Сонымен бірге бұл әрі әлі күнге кеңінен талқыланбай жүрген де заң ережелерінің бірі, басқаша айтқанда ол – Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК ) – 75-бабы [6] .

Бір анығы, тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның түйіткілді мәселесі қоғаммен біте қайнасып жатса ғана шешіледі. Тілдің ішкі заңдылығы және оның сыртқы қоғамдық өмірмен байланысы, яғни қоғамның бүкіл саласында қолданылуы өзара тығыз үйлесімдікте болуы шарт. Біздің көздейтін мақсатымыз осының аясында. Өйткені қазір күні мемлекеттік тілді қолдану төңірегінде даулы істер мен түйіткілді мәселелер көп.

Осы орайда ҚР ӘҚБтК-тің 75-бабы бойынша сот және құқық қорғау қызметінде лауазымды тұлғалардың өз құзыреттерін орындау барысында қателіктер мен заң бұзушылықтарға жол беріп қоятыны жасырын емес. Біз бұны заңды түрде нақты азаматтардың өз құқықтарын қолдану және қорғау тәжірибесіне негіздеп, дәлелдеп ҚР Жоғарғы Соты Сот кабинеті арқылы көргіміз келеді [6].

Сонымен, ӘҚБтК-нің 75-бабында «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық» қарастырылған. Оның 5-бөлігінде «Жеке тұлғалардың тілді таңдау құқығын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту – ...» көрсетілген. Бұл шағын зерттеу еңбегіміздің арқауы осы мәселелер төңірегіне арналады.

Енді осы 75-бапқа байланысты заң ережелеріндегі кепілдіктерді атап өтейік.

Біріншіден, басы анық нәрсе Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына сай – ешкімді ... *тіліне байланысты* кемсітуге болмайды. *Мемлекет* заң мен сот алдында бәрінің теңдігі туралы негізгі конституциялық қағидаттарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті, *азаматтардың тіліне*, оның ішінде азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтарына *кепілдік* беруін қамтамасыз етеді .

Екіншіден, 1997 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 Қосымша Қаулысының 1-тармағында «...мемлекеттік ұйымдар ... өз өкілеттіктерін іске асыруына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама әркімнің де тілдердің қызмет ету саласында конституциялық құқықтары жүзеге асырылуының механизмдерін көздеуге, соның ішінде, жеке ... тұлғалардың мемлекеттік органдар ... өтініш беру және олардан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын сақтай отырып

- іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ немесе орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді», ал 4-тармағында «Мемлекет қоғамда қызмет етуші кез келген тілді қорғауға және тіліне байланысты кемсітушіліктің алдын алуға тиіс. Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының "ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды" деген нормасын ескеруге тиіс» [7].

Үшіншіден, «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» (2022 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында жария етілді) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңестің 2022 жылғы 20 маусымдағы Жолдауында «Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның тіл туралы нормаларының мәні мен мазмұнын түсіндіретін, оларды қолданудың шарттары мен тәртібін белгілейтін шешімдер қабылдады:

- мемлекет қоғамда жұмыс істейтін кез келген тілді қорғауға және тілдік белгісі бойынша кемсітушіліктің алдын алуға міндетті. Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды деген нормасын ескеруге тиіс (КК-нің 1997 жылғы 8 мамырдағы, 2009 жылғы 11 ақпандағы және 2015 жылғы 18 мамырдағы нормативтік қаулылары)» [8].

Төртіншіден, Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 11-2/1 Жолдауының 3.9. тарауында «Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты кемсітуге болмайды делінген. Яғни республика азаматтары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беруге және олардан іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ, орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алуға құқылы» [9].

Бесіншіден, конституциялық қағидаттарға сай "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңының 6-бабы Қазақстан Республикасының әрбір азаматының ана тілін пайдалану, ... еркін таңдау құқығын белгілейді [2].

Алтыншыдан, «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 заңында «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан)» 26-бабы «Барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсідудің қандай түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және ..., тіліне, ... қарамастан кемсідуден тең және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс» [10].

Жетіншіден, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңының 11-бабында «Мемлекеттік ... ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі», ал 7-бабында Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу «Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді» деп анық та нақты көрсетілген. Сонымен қатар, аталған заңның 24-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не аппараттардың басшылары, ... Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады» [2].

Сегізіншіден, ҚР ӘҚБтК-нің 8-бабында: «4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттың, органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде заңды бұзуына жол берілмейді және заңда белгіленген жауаптылыққа, қабылданған актілердің жарамсыз деп танылуына және олардың күшінің жойылуына әкеп соғады» деген принцип бекітілген [6].

Бұлардың бәрін дәлелдеме ретінде келтіріп отыруымыздың өзіндік себептері бар. Заңдық прецеденттің туындауының төркіні құзырлы мекемеге мемлекеттік тілде жолдаған хатқа өзге тілде жауап алып, осылайша адам құқығын шектеп, біз тізіп көрсеткен заңнамалар ережелерінің түгеліне қайшы болуында. Лауазымды тұлғалар заң кеңістігінде қайшылықтар

мен сәйкессіздіктер орын берген. Күмән сөздің егесі болғанда, куә сөздің шегесі. Сөзімізді қуаттау үшін нақты мысалдарға жүгінелік.

«ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің 2022 ж. 05 желтоқсандағы №ЖТ-2022-02777341 орыс тіліндегі жауабында «Сообщаем Вам о том, что Ваше обращение зарегистрировано в ДАПК по Костанайской области № ЖТ-2022-02777341 и приобщено к материалам уголовного дела ЕРДР № 203969031000088» делінген. Жауап мәтінінің ресми орыс тілінде және хаттың ескертпесінде: «Примечание: в соответствии со ст.30 УПК РК судопроизводство по уголовному делу изменено на русский язык судопроизводства, в связи с чем, письмо направляется на русском языке» делінеді [11].

Заңға сәйкес, мемлекеттік мекеменің лауазымды тұлғаларының бұндай жауаптары Республикасының Конституциясына қайшы келеді. Себебі, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңының 11-бабында «Мемлекеттік ... ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі», ал 7-бабында Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу «Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді» деп анықта нақты көрсетілген.

Осы бір түйіткілді мәселенің күрмеуін шешу үшін сот, мемлекеттік органдардың (лауазымды адамдарына) істі қару және әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі әкімшілік-юрисдикциялық құзыретін қарастырайық.

1. Алдымен Сот құзыреті бойынша. ҚР ӘҚБтК 683-бабы, 4-бөлігінде «Осы Кодекстің 24-бабына сәйкес, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның жазбаша арызы бойынша осы Кодекстің 2-бөлімінің Ерекше бөлігінде көзделген кез келген құқық бұзушылық туралы істі, егер бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға дейін берілсе, судья қарайды» деген әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама қағидатты императивтік нормасы бекітілген. Кез келген істің санатына талдау жаслып отырған Кодекстің 75-бабы да кіреді. Сондықтан, әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғау үшін тәуелсіз сот төрелігіне жүгінуі тиіс. Осы норманың іске асырылуы азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін құқықтық насихатын кеңінен жүргізу қажет [12].

2. Енді Прокуратура құзыретін сөз етіп көрелік. ҚР ӘҚБтК 805, 808-бабына сәйкес «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, ... (прокурордың қаулысы) жасалған кезінен бастап үш тәулік ішінде сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға) қарау үшін жіберіледі» [6].

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық 2022 жылғы 5 қарашадағы заңының 37-бабының, 1-тармағына сәйкес «Прокурор: 1) ...Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жағдайларда; қаулы шығарады», 10-бабы, 1-тармағының, 25)-тармақшасына сәйкес «әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға... құқылы» [13].

«Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығының 29-тармағында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдары бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзу анықталған кезде, прокурор сот алдында жеке қаулы шығару туралы өтініш жасайды және/немесе ол туралы жоғары тұрған прокурордың назарына жазбаша түрде баянатпен немесе электронды құжат нысанында дереу жеткізеді, ол мынадай: 3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы;... шешімдердің бірін қабылдайды» [14].

3. Жергілікті атқарушы органы. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 25-6- бабы 18)тармағында: «Егер тексеру жүргізу нәтижесінде тексерілетін субъектінің Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу фактісі

анықталса, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының лауазымды адамдары өкілеттіктері шегінде бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды» [2] делінген.

Осы санаттағы істерді қарайтын органдар Кодекстің 729-бабы, 2-бөлігіне сәйкес «Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (республикалық, облыстық маңызы бар қаланың және астананың) әкімі мен оның орынбасарлары құқылы», ал осы баптың 2-1-бөлігіне сәйкес «Осы Кодекстің 75-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға жергілікті атқарушы органның тілдерді дамыту саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы мен оның орынбасарлары құқылы» және 731-2-бабына сәйкес:

1. Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 75 (бірінші, екінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы» делінген.

Сондықтан Кодекстің 819-бабы, 1-бөлігінде айтылғандай «Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалды ма, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жатады ма, ...анықтауға міндетті» .

Қаралып отырған мәселенің теориялық маңызды тұстарын анықтап, осы норманың Кеңестік және Егемендік жылдарындағы жауаптылықтың бекітілу сұрақтарына да тарихи шолу қажет деп санаймыз.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне 15-бабында [15], 17-жылдан кейін қабылданған Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 35-бабының 2-бөлігінде [16] және 13-жылдан кейін қабылданған Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 32-бабының 2-бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленбеген болатын [6].

Тәуелсіздік жылдарында қабылданған 2 кодексте Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын құқық қорғау органдар қызметкерлерінің бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа емес, тек тәртіптік жауаптылыққа тартылуы көзделді.

Енді іс жүзінде осы аталған императивтік нормалардың іс жүзінде тәжірибеде іске асуын 2014 жылғы Кодекс бойынша, 2025 жылдың 10 қаңтарына дейінгі өзгерістер мен толықтыруларға талдау жасайық. Сот тәжірбиесінің 2023 жыл №3928-23-00-3ж/180 іс бойынша «Қостанай облысы Қостанай қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандырылған соты іс материалдарынан өтініш берушіге оның өтінішіне мемлекеттік тілде, ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі шеңберінде, сот ісін жүргізу тілінде, яғни орыс тілінде жауап берілгені шығады».

Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды адамдарының іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 75-бабында көзделген объективті Тараптың белгілері жоқ, сонымен қатар азамат Қ. іс жүргізу тілі орыс тілінде анықталған қылмыстық іс шеңберінде өтініші болғанын ескере отырып, осыған байланысты қылмыстық қудалау органының өтініштері ҚР ҚПК шеңберінде шешіледі».

Нәтижесінде, сот азамат Қ-ның. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы Кодексінің 75-бабы бойынша шағымын қанағаттандырудан бас тартқан.

Бұл соттың шешімімен келіспеген азамат Қ.Әкімшілік құқық субъектісі ретінде Қостанай облысы сотына апелляциялық шағыммен жүгінген. Ақпаратты (Е-otinish сайты арқылы көруге болады).

Істі қараған сот нәтижесінде «... Сондықтан оның Қостанай облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды тұлғаларына ӘҚБтК-нің 75-бабы 5-бөлігімен әкімшілік шара қолданбау әрекетсіздігі заңсыз болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің лауазымды тұлғаларының хаттың ескертпесінде көрсеткендей жауап мәтінінің ресми тіл орыс тілінде «Примечание: в соответствии со ст.30 УПК РК судопроизводство по уголовному делу изменено на русский язык судопроизводства, в связи с чем, письмо направляется на русском языке» берілуі дегендері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 11-бабына қайшы келеді (Е-otinish сайты арқылы көруге болады).

Қостанай облысы прокуратурасының, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының лауазымды тұлғаларың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөніндегі азамат Қ. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 75-бабы бойынша шағымын қанағаттандырудан бас тарту туралы Қостанай қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының 2023 жылғы 25 мамырдағы қаулысы – өзгертілсін.

Азамат Қ. арызы бойынша Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының лауазымды тұлғаларың Қостанай облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің лауазымды тұлғаларына ӘҚБтК-нің 75-бабымен әкімшілік шара қолданбау әрекетсіздігі – заңсыз деп танылсын» деген шешімі қабылданып, шағымды қанағаттандырды [17].

Нәтижесінде, мәдениет басқармасының лауазымды тұлғаларының әкімшілік заңнама принциптеріне сәйкес әрекет етпеу салдарынан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері жасаған әкімшілік құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылмай «заң үстемдігі» принципі іске аспағанын байқаймыз.

Осы жайттар ретінде Президентіміз Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауында: «Прокурорлық қадағалауға келсек, бұл жұмыс үнемі кешеуілдеп жататынын көреміз» дегені бар еді, сол тағы расталып отыр.

Жоғарыда келтіріген айғақ – дәлелдемелер егемендігіміздің ең биік тұғыры – тіліміздің құқықтық тұрғыдан қорғалауының жәйі осындай екенін әйгілейді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына 2022 жылғы 06 маусымда жасаған үндеуінде: «Жаңа, Әділетті Қазақстанда полицейлердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды» деген тұжырым жасады.

Жоғарыда қаралған құқықтық мәселелер арқылы бір Қостанай облыс төңірегінде ғана емес, мүмкін Республика бойынша да шешімін таппай «Жазалану сөзсіздігі» принципі іске аспай жатқан егемендігіміздің ең биік тұғыры – тіліміздің құқықтық тұрғыдан қорғалауының жайы осындай екенін сот төрелігі дәлелдеді.

Тәуелсіздіктің 32 жылынан кейін «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 10 қаңтардағы Заңының 1-бабы, 1)-тармақшасына сәйкес, 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар, яғни, «32-баптың екінші бөлігі: "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын," деген сөздермен толықтырылсын;» делінген.

Енді бұл өзгерістер уәкілетті және құқық қорғау органдары лауазымды адамдарының жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде, өз әкімшілік қалауларымен әкімшілік заңнаманы

қолдануларына заңдық тұрғыдан тыйым салып отырғанын байқаймыз.

ҚР ӘҚБтК-тің 32-бап, 2-бөлікке енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 2025 жылдың 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі. Сондықтан қаралып отырған норма бойынша, осы уақытқа дейін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тәртіптік жауаптылыққа тартылу кезеңі аяқталып, олар жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұзғаны үшін 75-бап бойынша әкімшілік жауаптылықтың негізі болып саналатын құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетерге құқықтық талдау жасау келесі мақаламыздың арқауында болады.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы.» Ғылыми практикалық түсіндірме.- Алматы: Раритет, 2010.-400 б
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
3. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
4. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380#z3>
5. Құспан А. Қазақ тілін қорлағандарды жауапқа тартатын орган жоқ. // <https://7-su.kz/news/cat-19/19322/>
6. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
7. Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S070000003>
8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңестің 2022 жылғы 20 маусымдағы Жолдауы. «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» (2022 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында жария етілді) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 3 Қосымша Қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2200000121>
9. «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 11-2/1 Жолдауы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1500001121>
10. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091>
11. E-otinish сайты <https://eotinish.kz/appeal?page=3&tabCode=ALL&id=b5e1d732-3629-459c-b6e9-168f4449149e>
12. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674#z350>
13. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>
14. «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V23000031753>